



**ӘЛЕУМЕТТАНУ  
ПӘНІНЕН  
15 ДӘРІС**

ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ

**ӘЛЕУМЕТТАНУ ПӘНІНЕН  
15 ДӘРІС**

Алматы, 2018

«ӘЛЕУМЕТТАНУ ПӘНІНЕН 15 ДӘРІС» деп аталатын студенттерге арналған көмекші құрал Қазақ спорт және туризм Академиясының 1 курс 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» және 5B090200 - «Туризм» мамандықтары бойынша оқытатын студенттерге арналып жасалыды. Алматы, «Алишер принт» 2018. – 64 бет.

**Құрастырған:** т.ғ.к., аға оқытушы К.Н. Жапанғатова.

Бұл студенттерге арналған көмекші құралда ӘЛЕУМЕТТАНУ пәнінен 15 дәріс және емтихан сұрақтары (тест тапсырмалары) қоса берілген.

## Алғы сөз

Әлеуметтану пәнін оқытудың жалпы мақсаты студенттердің бойында әлеуметтанулық теориялардың дамуы, әлеуметтанулық зерттеулерді практикада қолдану және оның әдістері, негізгі салалық әлеуметтанулық теориялар және олардың қолданылуы сияқты алғашқы жүйелендірілген түсініктерді қалыптастыру.

«Әлеуметтану» курсының мақсаты студенттердің пән туралы, пәнінің негізгі бағыттары мен салалары туралы әлеуметтік көзқарасын, әлеуметтанулық зерттеу әдістерін, әлеуметтанудың өзекті мәселелері мен салаларын қалыптастыруға бағытталған. Әлеуметтану студенттердің назарын қазіргі қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға аударады.

Бұл курс 1 семестрде оқытылады. Оны оқытуға 3 кредит берілген, оның ішіне аудиториялық сабақтар: дәріс, семинар сабақтары, сондай-ақ, СӨЖ және СӨЖ кіреді. Курс 2 модульден тұрады, әлеуметтану - қоғам туралы ғылым ретінде, әлеуметтанудың әлеуметтік өмірдегі рөлі деп аталады.

«Әлеуметтану» пәні қарастырады: қазіргі қоғамдағы әртүрлі теориялық сұрақтар мен мәселелерді. Әлеуметтанулық ғылым мен білімнің теориялық және қолданбалы негіздерін және қалыптасу заңдылықтарын. Негізгі әлеуметтанулық ұғымдарды, әлеуметтанулық ойлардың даму кезеңдерін. Әлеуметтанулық концепциялардың негізгі мазмұнын. Әлеуметтанулық зерттеулерді жүргізудің әдістерін. Жалпы қоғам мен әлеуметтік қызметтердің заңдылықтарын, әлеуметтік институттардың атқаратын қызметін. Әлеуметтану ғылымының арнайы әдістері мен әдістемесін. Қоғам мен тұлғаның өзара әрекетін. Қазіргі кезеңдегі қазақстандық қоғамның даму проблемаларын.

Пәнді оқыту дәріс пен тәжірибелік сабақ түрінде өтеді. Дәріс барысында әлеуметтік процестерді зерттеу мақсатында негізгі әлеуметтанулық ұғымдар мен концепцияларды және теорияларды қарастырады. Тәжірибелік сабақтарда әлеуметтанудың негізгі мәселелері және әлеуметтанудың теориясы мен әдістемесін, әлеуметтанулық зерттеулерді студенттер оқып үйренеді.

Семинар сабақтарда дәріс материалын және практикалық сабақтағы білімін тексереді, өздік жұмыстары бағаланады, үлгерімі бақыланады. Семинарлық сабақтың кейбір бөлімдері бақылау жұмыстарын орындауға бөлінген.

СӨЖ оқытуға ұсынылған әдебиеттер, деректер көзін рефераттау, сабақтың конспекттерін жоспарлау, хабарлама, баяндама дайындау, сауалнама құру, кесте және сызба жұмыстарын құрастыру және студенттің жеке өзінің әлеуметтік зерттеу жүргізу жұмыстары кіреді.

Пәнді оқып үйрену студенттердің кәсіби-педагогикалық дағдыларын қалыптастырады. Сондай-ақ, болашақ дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, жаттықтырушы және осы спорт саласындағы барлық ұйымдастырушылық жұмыстарды атқару барысында алған теориялық білімдерін, әлеуметтанулық зерттеуді тәжірибе жүзінде қолдана алады.

@ Жапанғатова Калимаш Нұрғалиқызы